



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B012300	«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»	1. Педагогика 2. Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Әлеуметтік педагогика

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Әлеуметтік педагогика

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Білім мазмұнының формальды теориясын ұстанушылар:

- A) А.Я. Коменский
- B) Цицерон
- C) Аристотель
- D) Гераклит
- E) Песталоцци

2. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) сынып
- B) тәрбие
- C) индивид
- D) адам
- E) даралық

3. Педагогика саласында балалардың жас және дара ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) Толстой Л.Н., Слостенин В.А
- B) Ж.Ж.Руссо, Дистервег А
- C) Дистервег А., Слостенин В.А
- D) Ушинский К.Д., Толстой Л.Н
- E) Хмель Н.Д., Ушинский К.Д
- F) Коменский Х.А., Джон Локк
- G) Слостенин В.А., Кузьмина Н.В

4. Дәстүрлі педагогикада тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда тәрбиелік істердің бағыттары:

- A) Қоғамдық тәрбие
- B) Мемлекеттік тәрбие
- C) Экологиялық тәрбие
- D) Еңбек тәрбиесі
- E) Азаматтық тәрбие

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- B) ой қабілеттерін дамыту
- C) еңбек қабілеттілігін арттыру
- D) ағзаны шынықтыру
- E) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- F) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- G) мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастыру

6. Тұлғаның әлеуметтенуі кезінде оның дамуына әсер ететін факторлар:
- A) Макрофакторлар
 - B) Объективті факторлар
 - C) Экстрафакторлар
 - D) Минифакторлар
 - E) Мегафакторлар
7. Дүниетаным - бұл:
- A) Сынып ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
 - B) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
 - C) Қоғамның жағдайына деген көзқарастар жүйесі
 - D) Мектептің жағдайына деген көзқарастар жүйесі
 - E) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі
 - F) Ақиқатты дүниеге деген көзқарастар жүйесі
8. Адамгершілік тәрбие міндеті:
- A) моральдік ережелерді меңгерту
 - B) эстетикалық талғам қалыптастыру
 - C) адамгершілік сана қалыптастыру
 - D) табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастыру
 - E) санитарлық-гигиеналық іскерліктер қалыптастыру
 - F) ой қабілеттерін дамыту
9. Тұлға дамуының макрофакторларының бірі:
- A) мемлекет
 - B) қоғам
 - C) микросоциум
 - D) тәрбие институттары
 - E) этнос
 - F) тұратын аймағы
 - G) мәдениет
10. Ынталандыру әдісі (әдістері):
- A) Этикалық әңгіме
 - B) Жарыс
 - C) Психологиялық әңгіме
 - D) Тапсырма беру
 - E) Сендіру

11. Қазіргі қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысуда оқушы белсенділігі байланысты:

- A) Директор орыбасарының позициясына
- B) Қойылатын талаптардың мазмұнына
- C) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың көлеміне
- D) Мектепте ұйымдастырылатын жұмыстардың тиімділігіне
- E) Сұранысқа ие болуына
- F) Сынып жетекшісінің өз алдына мақсат қоюына

12. Сыныптағы тәрбие жүйесінің кезеңдері:

- A) Жүйенің қалыптасуы
- B) Оқушылар ұжымын зерттеу
- C) Жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру
- D) Жүйенің дамуы
- E) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жоспарлау
- F) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын орындау

13. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негіздерін анықтайды:

- A) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы
- B) «Бала құқығы туралы Конвенция»
- C) ҚР Конституциясы
- D) Мемлекеттік бағдарламалар
- E) Мектеп құжаттары
- F) «Білім туралы» Заңы
- G) Мемлекеттік тұжырымдамалар

14. Дидактика ғылым ретінде қарастыратын сұрақтар:

- A) Қалай оқытамыз?
- B) Отбасында оқытамыз?
- C) Қашан оқытамыз?
- D) Қай жерде оқытамыз?
- E) Балаларды кім оқытады?

15. Білім беру стандарты:

- A) Білім беру нормаларын анықтайды
- B) Білім беру сапасын анықтайды
- C) Оқыту деңгейін айқындайды
- D) Білім беру саласын қамтиды
- E) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- F) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- G) Оқу жоспарларын қолданады
- H) Міндетті білім берудің негізгі құжаты

16. Топтық жұмыстарды ұйымдастыру мәселелерімен айналысқан зерттеушілер:

- A) В.И. Безруков
- B) К.И. Дружинин
- C) В.Н. Иващенко
- D) М.В. Огородников
- E) В. Оконь
- F) А.М. Раевский
- G) И.Т. Волков

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- B) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- C) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- D) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін
- E) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- F) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- B) Жалпы нәтижелердің болуы
- C) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- D) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- E) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- F) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы

19. Білім, білік және дағдыны қалыптастыру үдерісі қажет етеді:

- A) Оқу жоспарын
- B) Тұлға болмысын
- C) Диагностикалауды
- D) Оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесін анықтауды
- E) Жүйелеуді
- F) Басқаруды
- G) Бағыттауды

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) орташа бағалау ұстанымында болмау
- B) баланың тәртібіне қойылатын бағаны пән үлгеріміне ауыстыру
- C) оқушының интеллектуалдық мүмкіншілігін ескеру
- D) орташа бағалау ұстанымында болу
- E) ынталандыру принципін сақтау
- F) өлшемге сай болу
- G) көңіл-күйге орай баға қоя салу

21. Ақпараттық технология:

- A) Ақпаратты өңдеумен байланысты үдерістер
- B) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі
- D) Адам іс-әрекеті арқылы ауызша, жазбаша немесе басқа түрлі тәсілдермен жеткізілетін қажетті мағлұматтар жиынтығы
- E) Нақты мағлұматтар жиынтығы
- F) Кез келген мәліметтер жиынтығы
- G) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану

22. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- A) Оқу үдерісінде тексерілген соң ғана баспадан шығуы тиіс
- B) Көрнекіліктермен жақсы жабдықталу, тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы
- C) Тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек немесе күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
- D) Күрделі ғылыми стильде жазылуы тиіс
- E) Оқу бағдарламасына сәйкес болу, оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы

23. Мектеп жетекшілері білуге міндетті:

- A) Мектептің материалдық жағдайын
- B) Оқу жүйесінің мазмұнын
- C) Мектепте оқушылардың білімін бағалау формаларын
- D) Оқу жоспарының құрылымын
- E) Оқу-тәрбие үдерісін диагностикалауды
- F) Мектептің құжат санын

24. Ұжымның жағымды әлеуметтік психологиялық жағдайын жасайды:

- A) Жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас
- B) Экологиялық қарым-қатынас
- C) Экономикалық қарым-қатынас
- D) Ашық қарым-қатынас
- E) Креативті ойлау
- F) Сын тұрғысынан қарау

25. Мектептің жылдық жұмыс мазмұнын талдаудың мазмұнына енеді:

- A) Оқушылардың денсаулық деңгейі
- B) Педагогикалық кеңес жұмысының нәтижесі
- C) Директордың міндетін анықтау
- D) Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын анықтау
- E) Білім мазмұнын қарастыру
- F) Білім мазмұнын сараптау

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі

1. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын іріктеуді реттеудегі дидактикалық негіздер:

- A) Рухани-адамгершілік білім арқылы адамның қабілеттерің дамуы
- B) Әлеуметтік кескін
- C) Жеке тұлғаны ақпараттандырудың дамуы
- D) Жеке тұлғаның мінез-құлқының дамуының жалпы мақсаты
- E) Оқушылардың интеллектуалды, ақпараттық, коммуникативті және рефлексивті мәдениетінің дамуына ықпал етуіне бағытталған білім мақсаттары
- F) Жеке тұлғаның интеллектуалды дамуының негіздері
- G) Физикалық, психикалық, рухани, әлеуметтік және шығармашылық потенциалының үйлесімді дамуы

2. «Өзін-өзі тану» пәнінің базалық мазмұнын анықтаудағы негізгі бағдар болып табылады:

- A) Рухани-адамгершілік білімнің жеке мақсаты
- B) Рухани-адамгершілік білімнің бірегейлік мақсаты
- C) Нәтижелер жүйесінің бірдеңгейлілігі
- D) Нәтижелер жүйесі
- E) Рухани-адамгершілік білімнің жалпы мақсаты

3. Өзін-өзі танудың мәні:

- A) өзінің табиғи мүмкіндіктерін ашу үшін іздену
- B) сезімдер мен эмоциялардың қайнар көзі
- C) организмнің ішкі күйлерінің қасиеттерін тұтастай бейнелеу
- D) өзін-өзі дамытудың, жүзеге асырудың жолы
- E) өз өміріне көзқарасы
- F) рухани-адамгершілік қасиеттерін жетілдіру
- G) организмнің ішкі күйлерінің жеке қасиеттерін бейнелеу

4. Табиғи білім өзін – өзі тануды қалай қамсыздандырады:

- A) Әлеуметтік үдерістерде білім жүйесінің дамуы
- B) Оқушылардың денсаулығының нығаюы және сақталуы
- C) Ұлттық дәстүрлердің берілуі және қолдауы
- D) Әлемді тануды қалыптастыру
- E) Оқушылардың табиғи күшінің дамуы мен қолдауы
- F) Адамның табиғи білімінің негізінде білім беру үдерісінің құрылуы

5. Қазіргі заманғы оқытудың міндеттері:

- A) дамытушылық
- B) семинар сабағы
- C) экономикалық
- D) мотивациялық
- E) білім беру
- F) тәрбиелік

6. Әлеуметтік орта – бұл:

- A) Өмірлік іс-әрекеттің материалды-тұрмыстық жағдайы
- B) Өскелең ұрпақты өмірге дайындау
- C) Табиғи орта
- D) Адамның қоршаған әлеуметтік әлемі
- E) Адамдардың қалыптасуына, өмір сүруіне, дамуына және қызмет етуіне қоғамдық жағдай туғызатын адамды қоршаған орта

7. Абсолюттік ақиқат

- A) өзгермейді
- B) сан алуан
- C) сезім деңгейінде болады
- D) жасанды
- E) логика деңгейінде болады
- F) интеллект деңгейінде болады

8. «Өзін-өзі тану» пәннің негізгі мазмұнын анықтау негізі:

- A) Мемлекет құндылықтары
- B) Ғылым
- C) Ғасырлар кемеңгерлігі
- D) Табиғи орта
- E) Мемлекет
- F) Ғарыш
- G) Рухани байлығы

9. «Өзін-өзі тану» пәнді оқытудағы сабақ мазмұны

- A) сабақта тақырыбына сай берілетін материал көлемі
- B) әрбір тақырып бойынша қамтылатын материалдар
- C) тәрбие заңдылықтары сипатталған мәтін
- D) рухани-адамгершілік құндылықтарына негізделеді
- E) оқыту ережелері сипатталған мәтін
- F) оқытылатын материалдар мазмұны
- G) тәрбие мазмұны

10. Мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің және басқа оқу пәндерін интеграциялаудың жетекші принциптері:

- A) жалпы адамзат құндылықтарының принципі
- B) оқыту үрдісіндегі басымдылық принципі
- C) оқыту үрдісіндегі реттілік принципі
- D) өзара ауқаттану принципі
- E) оқыту үрдісіндегі жүйелілік принципі

11. Педагогтың өзін-өзі тану пәнін оқытуға қажетті алғы шарттар қалыптастыратын қызметтері:

- A) басшыларға жағымпаздану
- B) зерттеу қызметі
- C) факсилитаторлық қызмет
- D) өзіне-өзі қызмет көрсетуі
- E) басшылық қызметі
- F) әртүрлі әрекет жасауы
- G) эмоциялық қолдау жасауы

12. Өзара ынтымақтастық атмосферасын жасау үшін педагогикалық ортаның дайындығы:

- A) болуы мүмкін, бірақ міндетті емес
- B) педагогикалық өтілі бар тәжірибелі педагогтердің күшімен жасалады
- C) мұғалімнің әдістемелік қолдауы арқылы жасалады
- D) құзіреттілікті қалыптастырумен жасалады
- E) рухани-адамгершілік тақырыбына әдістемелік іс-шаралар жасалады
- F) рухани-адамгершілік білім беру ісінде нәтижеге жету шарты

13. Сүйіспеншілікке әлемнің негізі ретінде қарау:

- A) өзін-өзі танудың жолы
- B) мақсатқа жол береді
- C) баланы қалыптастырады
- D) адамгершілік орта құрастыруына әсер етеді
- E) сүйіспеншілік мәдениетті арттыруына ықпал жасайды

14. «Өзін-өзі тану» оқытудағы бақылау әдістері:

- A) есеп шығару
- B) эссе
- C) тыныштандыру сәті
- D) шығармашылық жұмыс
- E) жоба

15. «Өзін өзі тану» сабағында интерактивті әдістерді пайдалануда «Мақсатты нақты белгілеу» талабы:
- A) танымдық және жанға аффективті үрдістер өзара қандай да бір үйлесімді қарым-қатынаста болуы қажет
 - B) мұғалім оқытуды ұжымның өзіне тән ерекшеліктерімен есептесіп, олардың бірлесіп жұмыс жасауға дайындық деңгейіне сай ұйымдастыру қажет
 - C) мұғалім оқушылардың топпен жасалатын жұмыстарының мәнін, ережесін түсініп, топпен жұмыс жасауға дайын екендіктеріне толық сенімді болуы керек
 - D) адамның өзімен-өзі күресусіз қажетті мінез-құлықты қамтамасыз ететін мәжбүрлеуші күш болады
 - E) мұғалім пайдаланатын әдістерінің нәтижесін болжай отырып, біртіндеп кезең-кезең бойынша қолданылуын алдын-ала көре білуге тиіс
16. Г.М.Қасымованың жіктемесі бойынша «Интерактивтік әдістер»:
- A) тұлғаның қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік факторы
 - B) қазіргі заманға бейімделген болуы үшін аса маңызды байланыс
 - C) балалар арасындағы қатынас үшін жағдай
 - D) әңгіме, ойталқы, «ойға шабуыл», «дөңгелек үстел», «іскерлік ойындар», практикалық жұмыстар, тренинг, топтық жұмыс, терапия
 - E) коммуникативтік әдістер
17. Тыныштандыру сәті үшін тыныс алу техникасын пайдалану:
- A) оқушыларды өз денесін бақылауға үйретеді
 - B) есті дамытуға бағытталған
 - C) оқыту мақсатына жету үшін маңызды фактор
 - D) үрей тудырады
 - E) қимылдатқыш реакцияларды жеделдетуге ықпал етеді, сергітеді
 - F) кез келген сабақтарда кеңінен таралған әдіс
18. Өз ашуыңызды бақылаңыз. Егер ызалана бастасаңыз:
- A) бір стакан суық су ішіңіз
 - B) айнадағы келбетіңізге қараңыз
 - C) бірнеше күн бойы қатынастан қашқақтайсыз
 - D) қатты ән салыңыз
 - E) өз айтқаныңызды істетесіз
 - F) біреуге айқайлай салыңыз
 - G) эмоцияларды басыңыз

19. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы пайдаланатын құралдар

- A) калькулятор
- B) видео, аудио құрал жабдықтар
- C) оқулық
- D) күнтізбе
- E) лабораториялық құрал жабдықтар
- F) мұғалім әшекейі

20. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы шығармашылық қабілеттерін дамытатын оқыту әдісі:

- A) жазалау
- B) мұғаліммен бірлескен зерттеу іс-әрекеті
- C) сынақ
- D) ұлы тұлғалардың үлгісі
- E) байқау
- F) бақылау
- G) қайталау

21. Сабақтың мақсаты ішкі тыныштық құндылығына тәуелді, 5-8 сыныптарда міндеттер тұлғаның келесі қасиеттеріне байланыстырып қойылады:

- A) ашуланшақтықты бақылау
- B) төзімділік
- C) білімділік
- D) достықты сақтау
- E) көмек көрсету
- F) жануарларды жақсы көру
- G) көшбасшылық

22. Сабақтың мақсаты сүйіспеншілік құндылығына тәуелді, бастауыш сыныпта міндеттер тұлғаның келесі қасиеттеріне байланыстырып қойылады:

- A) көшбасшылық
- B) достықты сақтау
- C) білімділік
- D) тәртіп
- E) төзімділік
- F) көмек көрсету

23. Ш.А.Амонашвили пікірі бойынша қазіргі оқушы өміріндегі мұғалімнің рөлі:

- A) нұрлы балаларға нұрлы мұғалім қажет
- B) нағыз мұғалім ой, сөз, әрекет бірлігін сақтауды ұмытпайды
- C) нағыз мұғалім баламен қатал сөйлеспей керек
- D) нағыз мұғалім жұмысқа бар уақытың береді
- E) мұғалім өз отбасына қарамайды
- F) жақсы мұғалім жұмысқа көп көңіл аударады

24. Сабаққа позитивті пікірлерді (дәйексөздерді) енгізу:

- A) басқа пәндердің таралған тәсілі болып табылады
- B) оқиганы айтқанға дейін немесе кейін мүмкін
- C) үнемі жаттау маңызды
- D) ритуал болуы керек
- E) позитивті көңіл-күйден кейін мүмкін

25. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы педагогтың басты мақсаты:

- A) Қимыл іс-әрекеттерін жүйелі қайталауға баланы ынталандыру
- B) Баланы білім беру кеңістігіне енгізу
- C) Темпераменттің теоретикалық негіздерін игеру
- D) Баланың жеке қасиеттерін дамыту
- E) Бала тұлғасын өзін-өзі дамытуға енгізу
- F) Оқушының психикалық дамудың жалпы заңдылықтарын игеруі

**Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Адамгершілік тәрбиесі бойынша қалыптасатын қасиеттер:

- A) еңбек етуге үйрету
- B) кәсіби бағдар беру
- C) елжандылық
- D) үнемшілдік
- E) ақыл-ой деңгейін көтеру
- F) шыншылдық, әділеттік

2. Мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізетін мекеме түрлері:

- A) спорт мектептері
- B) спорт олимпиадалары
- C) сауықтыру, еңбек лагерьлері
- D) оқу
- E) сабақ

3. Педагогикалық қолдау әрекетінің мәні:

- A) Өзінің проблемаларын тани білуге үйрету
- B) Өз проблемасын шешуде басымдық бала жағында болуы
- C) Мектепте жүргізетін қоғамдық жұмыстарға жауап береді
- D) Баланың көмек пен қолдау көрсетуге келісімі
- E) Оқушының басындағы кедергілерді жоюға көмектесу
- F) Өз проблемаларын шеше білу әдістерін меңгеруіне көмектесу

4. Сәтсіз отбасылардың көбеюінің себептері:

- A) тұрмыстағы қолайсыздық
- B) экономикалық білімнің болмауы
- C) жұбайлардың білім деңгейі мен жұмысбастылығы
- D) отбасын құруға дайын болмау
- E) ауыл немесе қалада тұруы
- F) ата-ана мен баланың қарым-қатынасының дұрыс қалыптаспауы

5. Тәрбие жоспарының қызметтері:

- A) Түзету, ұйымдастыру
- B) Болжау
- C) Бағыттау, анықтау
- D) Тәрбиелік
- E) Ағартушылық

6. Сынып жетекшісінің негізгі қызметі:

- A) Әдістемелік жұмыс
- B) Пән мұғалімдерінің жұмысын реттеу
- C) Жарыстыру
- D) Оқыту процесін бақылау
- E) Сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- F) Тәрбиелеу

7. Оқушылардың сыныптық ұжымы:

- A) Бір мектепте білім алатын, әр жастағы балалар тобы
- B) Қызығушылықтары сәйкес келетін, әр жастағы балалар тобы
- C) Жас ерекшелігіне қарай бір бағдарламамен оқуға біріккен балалар ұжымы
- D) Білім алу мақсатында, ішкі қарым-қатынасы қалыптасқан балалар ұжымы
- E) Ғылыми-ізденушілік бағыттағы ұйымдасқан ұжым

8. «Қиын балалар», «тәрбиесі қиын», «педагогикалық қалып қалу» түсініктерін зерттеген ғалымдар:

- A) П.Ф.Лесгафт, В.В.Ковалев
- B) П.П.Блонский, Н.В.Мясищева
- C) Л.М.Ломоносов, П.Ф.Каптерев
- D) К.Д.Ушинский, П.Ф. Каптерев
- E) М.Булянов, С.А. Беличева
- F) Н.К.Крупская, П.П.Блонский
- G) Л.С.Выготский, В.П.Кашенко

9. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеті
- B) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі
- C) Тәрбиелеу үдерісі өзіне оқыту элементтерін қосады
- D) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады
- E) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді

10. Педагогикадағы тәрбие принциптері:

- A) Батылдылық
- B) Тәрбие ықпалдарының тізбектестігі, жүйелілігі, беріктілігі және үздіксіздігі
- C) Тәрбие процесін ұйымдастырудағы талаптар жүйесі
- D) Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы
- E) Ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеу

11. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Мақсатты тікелей жүзеге асыру
- B) Тәрбие ісін өткізу, нәтижелерді бағдарлау
- C) Даярлау, істердің салдарын талдау
- D) Жекеленген жүйелік құрылымдар тәрізді
- E) Ұйымдастыру, құралдарды анықтау
- F) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау

12. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал
- B) Ережелер жүйесі
- C) Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту
- D) Қоғамның пайда болуына тән қасиет
- E) Кең мағынада алғанда қандай да болса, бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз

13. Авторитарлық тәрбие:

- A) Тұлғаны басу
- B) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- C) Қалайда лидерлікке ұмтылу
- D) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- E) Бала тұлғасын құрметтеу
- F) Баланың бас бостандығы

14. Дәрігерлердің оқушылар денсаулығын сақтауда ескерер кеңесі:

- A) Тазалықты сақтау
- B) Өзіңе сен
- C) Дұрыс ұйықтауға мән бермеу
- D) Өзінді басқалардан жоғары санауға тырыс
- E) Өмірге нем құрайлы қарау
- F) Қоршаған ортаға қызығушылықты сақтау

15. Адамгершілікке тәрбиелеудің формалары:

- A) Музыкалық кештерді ұйымдастыру
- B) Қайырымдылық акциялары
- C) Тұлғалармен кездесу ұйымдастыру
- D) Мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру
- E) Спорт секцияларын ұйымдастыру

16. Отбасындағы тәрбиенің міндеттері:

- A) Табиғи ортаны сақтау
- B) Отбасында баланың өсіп-жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту
- C) Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасқа, түсінісуге, тыңдауға, ата-ана, туған-туыстар, жасы үлкендерді сыйлауға үйрету
- D) Баланың психикалық үдерістерін ескеру
- E) Жас ұрпақтың бойындағы азаматтық белсенділігін арттыру
- F) Жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу
- G) Баланың жеке бас ерекшелігін ескеру

17. Сабақтан тыс әрекеттерді ұйымдастыру формасы:

- A) Лабораториялық сабақ жүргізу
- B) Сабақ барысында кездесулер ұйымдастыру
- C) Емтихан жүргізу
- D) Интербелсенді әдістерді қолдану
- E) Дене тәрбиесі, спорттық әрекет
- F) Қоғамдық пайдалы еңбек әрекеті

18. Педагогикалық зерттеудің түрлері:

- A) Дербестік, айтқан сөзде тұру, сыпайлылық
- B) Қалыптастырушы
- C) Шыншылдық, демократиялық, ізгілік
- D) Демократиялық, ашық қарым-қатынас, ынтымақтастық, дербестік, жауапкершілік
- E) Бәсекеге қабілеттілік, тапқырлық, ынтымақтастық, өзбеттілік

19. Құндылық-бағдарлы іс-әрекетті ұйымдастыру формасы:

- A) Туристік жорықтар
- B) КТК
- C) Көркемөнерпаздар концерті
- D) Мінез-құлық мәдениеті туралы сабақтар
- E) Ғылыми-танымдық мақалаларға шолу
- F) Емтихан тапсыру

20. Тәрбие, адамды сүюге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) баланың еңбегі мен ісін бағалауына
- B) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне
- C) ерік-жігердің бірлігіне
- D) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне
- E) баланы жеке тұлға ретінде сыйлауына
- F) үдерістің аса қарқындылығына
- G) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне

21. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) өзін-өзі басқару
- B) мектептегі әдістемелік кеңес
- C) әңгіме
- D) педагогикалық талап
- E) тәрбиелік жағдаяттар
- F) этикалық әңгіме
- G) пікірталас

22. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) тәрбие тұжырымдамасын жасау
- B) әңгімелер
- C) сынып сағаты
- D) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- E) кештер
- F) үйірмелер
- G) клубтар

23. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) қаржы көздеріне
- B) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- C) тұқымқуалаушылыққа
- D) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне
- E) педагогтің шеберлігіне
- F) оқушының еңбекқорлығына
- G) оқыту мерзіміне

24. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) марапаттау
- B) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- C) мадақтау
- D) этикалық әңгіме талдату
- E) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- F) пікір аясын кеңейту
- G) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- A) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
 - B) Тәрбиелік ықпалдар бірлігі
 - C) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы
 - D) Биологиялық ерекшеліктері
 - E) Саналылық, жауапкершілік
 - F) Тәрбие гуманизациясы
 - G) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлеуметтік педагогика

1. Қоғам өміріндегі реттеудің нормасы:

- A) салттар
- B) тәрбие
- C) дәстүрлер
- D) құқық пен мораль
- E) білім
- F) тәрбие
- G) ырымдар

2. Әлеуметтік педагогиканың негізгі ұстанымдары:

- A) Азаматтардың өмір сүру шарттарын жақсарту
- B) Жұмыс барысында адамның табиғи болмысын ескеру
- C) Қоршаған ортаның мәдениетін, басқа да ерекшеліктерін есте ұстау
- D) Жастардың тәрбиесіне көңіл бөлу
- E) Қоғамның экономикасының өсу деңгейін қадағалау
- F) Изеттілік қарым-қатынас орнату арқылы ықпал ету

3. Деадаптивті ұғымы қолданылатын адамдар тобы:

- A) Балалар
- B) Мектептік
- C) Ұжымдық
- D) Орта
- E) Қарым-қатынас деадаптациясы
- F) Отбасылық

4. Антисоциалды іс - қимылдар:

- A) құқықтық нормаларды бұзбау
- B) адамның мәдени қалыптарға қарсы іс-қимылы
- C) заңға бағынушылық
- D) қоғамдық қалыпты бұзбау
- E) қоғамдық нормаларды сақтау
- F) тұлғаның мәдени қалыптарды сақтауы

5. Балалар үйіндегі жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар:

- A) А. Дистервег
- B) М.И. Лисина
- C) В.В. Зенковский
- D) К.Б. Бектаева
- E) П.П. Лазарев
- F) В.С. Мухина
- G) Қ.Қ. Өмірбекова

6. Әлеуметтік педагогикада жетім балаларға қатысты қолданылатын ұғымдар:

- A) Рухани жетім
- B) Табиғи жетім
- C) Тұл жетім
- D) Ұлттық жетім
- E) Жасанды жетім

7. Өзара қарым-қатынас құралы ретінде сөздің бір-бірімен байланысу қызметі:

- A) Нәтижелік
- B) Эмоциялық
- C) Анықтық
- D) Өзектілік
- E) Толықтырушылық
- F) Апелляциялық
- G) Ақпараттық
- H) Өзгешелік

8. Өзара әрекеттесуде сөйлеуді толықтыратын ерекше коммуникативті жүйелер жиынтығы:

- A) Отыру қалпы
- B) Қол сермеу, қол бұлғау
- C) Бейнелеу
- D) Аһ ұру, есінеу, сөз арасындағы кідірістер
- E) Пантомимика
- F) Ишарат білдіру
- G) Дауыстың сапасы, екпіні, сөйлеу темпі
- H) Күлкі, жылау

9. «Бейімделу» (адаптация) қарастырылу түрлері:

- A) Қоғамдық бейімделу
- B) Бейімделуге баулу
- C) Бейімделу үдерісі
- D) Бейімделу көрінісі
- E) Бейімделу нәтиже

10. Әлеуметтік институттар тарапынан бөлініп көрсетілген әлеуметтік тәрбие бағыттары:

- A) Құқықтық тәрбие
- B) Әлеуметтік-шартты (ерекше) тәрбие
- C) Рухани тәрбие
- D) Ресми шартты (мемлекеттік) қалыптағы тәрбие
- E) Жаңа бағыттағы тәрбие

11. Жастар субмәдениетінің түрлері:

- A) Астрологтар
- B) Панктер
- C) Патриоттар
- D) Әскерлер
- E) Өнерсүйгіштік

12. Баланың әлеуметтік мәдениетінің негізі әлеуметтік-педагогикалық сапасының сипаттары:

- A) Өз ойын еркін жеткізу
- B) Ата-ананың ескертпелерін дұрыс қабылдау
- C) Бала дамуы жағынан өз қатарластарынан алда болуы
- D) Еңбексүйгіштік
- E) Өзімшіл көрінуі (тұлғалық Менінің көрінуі), айналаға қарым-қатынасы, өзара қатынасы

13. Девиантты іс-қимылдардың пайда болу факторлары:

- A) сыртқы
- B) ішкі
- C) әлеуметтік-психологиялық
- D) индивидтік
- E) эндогенді
- F) экзогенді
- G) психологиялық

14. Балалар мен жастардың, жеткіншектердің қылмысқа баруын болдырмау, алдын алу шараларын жүзеге асыру және ол нәтижелі болу үшін ұйымдастырылатын жұмыс түрлері:

- A) Сабақтан тыс уақытты тиімді жұмсау
- B) Жүріс-тұрыс ережелерін бойына сіңіріп, әдет ретінде қалыптастыру
- C) Мұғалімнің оқушылардың психологиясын жақсы білуі
- D) Балаға жақын микроортаның жағымды ықпалын ұйымдастыру
- E) Отбасында бала тәрбиесіне көп көңіл бөлу
- F) Құқықтық сана-сезімін тәрбиелеу іс-шаралары

15. Қиын тәрбиені жеңу әдістері:

- A) Теріс тәртіптің алдын алу және жағымды тәртіпті ынталандыру
- B) Жасаған әрекетіне есеп бергізу
- C) Жазалау
- D) Жасаған теріс әрекетіне ұялуын сезіндіру
- E) Мінезінің теріс тұстарын бұзу
- F) Мадақтау

16. Отбасындағы талап ету жүйесінің түрлері:

- A) Ұрып-соғу
- B) Қатаң шектеу қою
- C) Еңбек арқылы жазалау
- D) Талаптардың жеткіліксіздігі
- E) Қорқыту
- F) Қатал талаптар

17. Көше балаларының қараусыз болған уақытша байланысты жіктелуі:

- A) Ата-анасын тыңдамайтын балалар
- B) Сабаққа қатыспайтын балалар
- C) Маусымдық мерзім бойынша үйден кететін балалар
- D) Көшеде ұзақ уақыт (бір жыл және одан да көп) тұратын балалар
- E) Отбасынан қысқа мерзімге жиі-жиі кететін және үйге қайтатын балалар
- F) Мұғалімнің ескертуіне көңіл аудармайтын балалар

18. Әлеуметтік тәрбиенің пайда болуының негізі:

- A) Экономикалық өсу
- B) Тәрбие жүйесіндегі дағдарыс
- C) Экономикалық дағдарыс, әлеуметтік теңсіздік
- D) Бейімдеу кезеңі
- E) Тәрбие деңгейінің жоғарылауы

19. Кәмелет жасына толмағандарға арналған мемлекеттік әлеуметтік мекемелер:

- A) Балалар мен жеткіншектерге арналған әлеуметтік баспаналар
- B) Саяжайлар
- C) Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін білім беру жүйесінде құрылған мекемелер
- D) Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету орталықтары
- E) Демалыс үйлері
- F) Жатақханалар

20. Білім беру кешені ретіндегі әлеуметтік педагогиканың (ғылыми-білім беру) функциялары:

- A) әлеуметтік педагогтың икемділігі мен дағдыларын дамытады
- B) практикасы мен оны бейнелеп көрсететін теория арасындағы байланысты анықтайды
- C) ғарыш, ғаламшар, әлемге қатысты мегафакторларды анықтау
- D) әлемге сезімдік - бағалаушы қатынас жүйесін құрады
- E) әлеуметтік маманның жеке тұлғасының кәсіби-маңызды қасиеттерін дамытады

21. Жеке даралыққа негіздеу ұстанымның мәні анықтайды:

- A) Жеке даралығын
- B) Құқықтарын
- C) Әлеуметтік жағдайын
- D) Сөйлеуін
- E) Белгілерін
- F) Мақсаттарын
- G) Мүдделерін

22. Адамды әлеуметтік бірлік ретінде зерттеуден туындайтын міндеттер:

- A) Адамдарды ұлыстарға бөліп қарастыру
- B) Әлеуметтік ауытқушылықтардың себептерін, олардың алдын алу мен жеңу мүмкіндіктерін анықтау
- C) Басқалардан өзгеше адамдардың әлеуметтік даму ерекшеліктерін зерттеу
- D) Тәрбие саласын теориялық және әдістемелік қамтамасыз ету
- E) Адамның жеке тұлға ретінде әлеуметтік дамуының, әлеуметтенуінің ерекшеліктерін зерттеу

23. Пенитенциарлық-педагогикалық жұмыстарының бағыттары:

- A) Қайта тәрбиелеудің, пенитенциарлық мекемелер жағдайындағы тәрбие жұмыстарының ұстанымдарын, мазмұнын, құралдарын, формалары мен әдістерін зерттеу
- B) Психикасы бұзылғандармен жүргізілетін жұмыс мазмұнын анықтау
- C) Жетім балаларды балалар үйіне орналастыру
- D) Бұрынғы сотталғандарды босатқаннан кейінгі өмірге бейімделуін жетілдіру жолдарын жасау және негіздеу
- E) Қарттардың әлеуметтік мұқтаждықтарын анықтау
- F) Қоғамдағы жастардың мәселелерімен күресу
- G) Отбасындағы қарым-қатынасты түзету жолдарын қарастыру

24. Мектеп ашық әлеуметтік жүйе ретінде жұмыс түрлерін ұйымдастырады:

- A) Мектептің отбасымен қатынасын кеңейту
- B) Бір жас кезеңнен екінші жас кезеңге өткенде іштей қиындықтар туады, өзгертеді
- C) Адамның әлеуметтік тұрғыдан қалыпты дамуы мен ауытқуы
- D) Мәдени және басқа да әлеуметтік институттармен бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру
- E) Әлеуметтік қалыптасу себептері мен оның алдын алу мүмкіндіктері және оны жеңу
- F) Жеткіншектер мен жастардың әлеуметтік жағдайының шекаралық қалыпта және анық болмауы
- G) Педагогтардың ұйымдастырумен оқушыларды қоғамдық ортамен байланыстыру
- H) Балалар мен жеткіншектердің мінез-құлқын, іс-қимылын болдырмау

25. Мектептегі тәрбие жұмысының кемшіліктері:

- A) Тәрбиелеудің адамгершіліктен тыс жағымсыз бағыттары
- B) Ұстаздар ұжымындағы бірауызсыздық және жиі кездесетін ұрыс керістік
- C) Оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда қиындық тудыратын материалды техникалық базаның әлсіздігі
- D) Асыра ұйымдастырушылық, сабақтағы және сабақтан тыс тәрбие жұмысын біркелкілігі және көз бояушылық
- E) Педагогикалық тәсіл ретінде жазалау
- F) Жеке дара топтық тәрбиенің мүлдем болмауы
- G) Тәрбие мақсатына жететін жүйелі, сатылы жұмыстың болмауы
- H) Мектептерде ата аналарға арналған әдістемелік семинарлар ұйымдастыру

**Әлеуметтік педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**